ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

АР-ДАҚ

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ
Айрықша ақпараттарыңыз болса «Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген уақытында мына байланыс телефоны арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

№18 (900) 4 мамыр, 2021 жыл | Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет | ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475

«Қазақстанда пайда тауып жатса да, салықты Ресейге төлейді» деген Wildberries компаниясын зерттеп көрген тілшіміз біраз жайтқа қанықты. Біз компанияның иесі – миллиардер Татьяна Бакальчукті байытып жатыр екенбіз. Байытқанда да, аузынан ақ май ағызып отырмыз...

Әлеуметтік желілерде қазақстандық әлдебір автордың жазбасы жария болды. Мұны кейбір сайттар көшіріп алып, өз мақаласы ретінде жариялап жатыр.

КӨМЕЙІ КЕҢ WILDBERRIES. БАКАЛЬЧУКТІ ҚАЛАЙ БАЙЫТЫП ЖАТҚАНЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Автор Aliexpress арқылы әлдебір тауарға тапсырыс бергенін, тауар жеткізіп берумен айналысатын бұл компания ресейлік Wildberries компаниясымен үлесін бөлісетінін айтады. Және Wildberries есепті Қазақстанның теңгесімен емес, Ресейдің рублімен жасайды екен.

«Жуырда тауарға тапсырыс бердім. Тауарды үйге тез әкеліп берді. Жүйенің жақсы жұмыс істейтіні көрініп тұр. Бірақ мен өте мұқият адаммын, интернет-алаңның тәртібін зерттеп көргенде, талай нәрсеге көзім жетті», – деп жазады автор.

Қысқасы, компания тауарға 20% қосымша құн салығын (ҚҚС) қосады екен. Бұл қайдан шыққан пайыздар? Қазақстанда ҚҚС 12% емес пе? Сонда біз Ресейдің 20 % ҚҚС-ын төлейміз бе? Автордың жазуына қарағанда, солай екен.

Ресейлік Wildberries Қазақстанда «Вайлдберриз» ЖШС арқылы жұмыс істейді екен. Мемлекеттік кіріс комитетінің дерегіне қарағанда, әлгі ЖШС өткен жылы Қазақстанның бюджетіне 5 млд теңге салық төлепті. Алайда биыл салықтың көлемі күрт төмендеген. Биылғы жылдың 4 айында бар-жоғы 52 млн теңге салық төлепті. Қалғаны қайда?

«2020 жылы ҚҚС Қазақстанның пайдасына төленсе, 2021 жылы пайда Ресейге ауған. Өйткені бұл жерде ресейлік 20% ҚҚС рөл ойнап тұр. Яғни пандемиядан зардап шеккен біздің тұтынушылар тауарға 8% қосымша құн төлейді. Егер әр түрлі бірнеше тауар алсаңыз, бұл – әжептәуір сома. Бұдан бөлек, Қазақстанның бюджеті орасан зор шығын шегіп жатыр», – дейді жазбаның иесі.

Wildberries компаниясының сайтына үңіліп көрген тілшіміз төмендегідей деректер тапты:

Сайтта 80 мыңнан астам брендтер бар. Күніне 1,5 млн-нан астам тапсырыс беріледі. Сайтқа тәулігіне 11,5 млн-нан астам адам кіреді. Қоймадағы тауарлардың саны 140 млн-нан астам.

Ресейдің ТОП-100 интернет-дүкендерінің ішінде – 1-орын, Рунет-2020 ең басты 10 саудагерінің ішінде – 1-орын, әйелдердің карьерасындағы 25 үздік компания ішінде – 9-орын, 2019 жылғы Ресейдің ТОП-200 ірі жеке компаниялары ішінде – 40-орын, тағысын-тағылар.

Компанияның географиясы да кең екен. Ресейді айтпағанда, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Армения, Польша, Словакия, және Украинаны «құшағына қысып», тұншықтырып алыпты.

Wildberrie-тің иесі Татьяна Бакальчук – Ресейдің ең бай әйелі. Бір жылда байлығын 13 млрд теңгеге жеткізген. Әрине, «құшағына қысқан» елдердегі тұтынушылары қосымша құн салығын өз еліне емес, Ресейге төлеп отырса, ресейлік Бакальчук байымағанда кім байиды? Егер Бакальчуктің Wildberries компаниясы арқылы осы уақытқа дейін ең болмаса бір рет тапсырыс берген болсаңыз, онда оның миллиардттарында сіздің де үлесіңіз бар деген сөз.

Бакальчуктікі – әйгілі ертегідегі бауырсақтың кері: «Апамнан да құтылдым, атамнан да құтылдым...». Қазақстанның құзырлы органдары НЕГЕ үнсіз? Мұны анықтамаққа Nege.kz порталы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің басшысы Марат Сұлтанғазиевтің атына ресми сауал жолдайды.

P.S. ҚҚС-тің қанша екеніне көз жеткізу үшін тілшіміз Wildberries компаниясының сайтына тіркеліп, тауарға тапсырыс беріп көрді. Шынымен де ҚҚС қазақстандық 12% емес, ресейлік 20% екенін көрген соң, Бакальчукті одан әрі байыта бермеу үшін тапсырыстан бас тартты...

«15 МЛН ТЕҢГЕ СЫЙАҚЫ АЛҒАН»: ЖЕЛІДЕ МИНИСТР АЙМАҒАМБЕТОВКЕ ҚАТЫСТЫ СЫБЫС ТАРАП ЖАТЫР

Аймағамбетов 1,2 миллион жалақымен 15 млн сыйақы алды. Алайда не үшін алғаны белгісіз.

Журналист Михаил Козачков өзінің Telegram-арнасында Қазақстанның білім министрлігінің шенеуніктеріне сыйақы төлеу туралы бұйрықтардың көшірмелерін жариялады, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Құжаттарға сәйкес, министр Асхат Аймағамбетов, министрліктің жауапты хатшысы Қанат Сәрсембаев, вице-министрлер Бибігүл Асылова, Мирас Дәуленов, Шолпан Каринова, Рүстем Биғариге сыйақы берілген.

Ведомство басшылары мұғалімдер күнінде (2 жалақы мөлшерінде), Тұңғыш Президент күнінде (3 жалақы мөлшерінде), Тәуелсіздік күнінде (6 жалақы мөлшерінде), сондай-ақ 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша (3 жалақы мөлшерінде) сыйақылар алған.

Осылайша, шенеуніктердің әрқайсысы негізгі жалақыға қосымша 13 жалақы алды.

«Жалпы алғанда, Аймағамбетов 1,2 миллион жалақымен 15 млн сыйақы алды. Алайда не үшін алғаны белгісіз. Мектептер мен университеттер қашықтан жұмыс істеді, БҒМ-де тоқтаусыз даудамайлар болды», - деп жазды Козачков.

Экономист Олжас Құдайбергенов Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы төмен екенін айтып, оны арттыру қажеттігін тағы да еске салды.

«Білім министрі және вице-министрлерінің 13 сыйақысы туралы жазбаны көрдім. Кейбір министрліктерде, тіпті, 36 жалақы көлемінде сыйақы береді. Әрине, қарапайым азаматтардың жалақысымен салыстырғанда бұл үлкен сан шығар, бірақ шын мәнінде бұл аз сома. Министрлердің жалақысы шамамен 800-900 мың теңгені құрайды, ал вице-министрлерде шамамен 500-600 мың теңге, ал бұл квазимемлекеттік сектормен, тіпті жеке сектормен салыстырғанда төмен жалақы», - деп жазды Құдайбергенов.

Оның айтуынша, ірі жоғары оқу орнының деканы айына 3 млн теңге, ал проректор мен ректор одан да жоғары жалақы ала алады.

«Ал бюджеті 1,3 триллион теңгені құрайтын білім жүйесін басқаратындар қанша алуы керек?»,- деп Құдайбергенов риторикалық сұрақ қояды.

Ол жақын арада Қазақстанда факторлық-балдық шкала енгізілетінін еске салды, ол әр түрлі көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін жыл ішінде еңбекақы мен сыйақы төлеуді екі есе арттыруды көздейді.

Сонда, экономистің пікірінше, мемлекеттік қызметшілерге мереке күндері үшін үстеме ақы төленбейді.

Бұған дейін білім министрі Асхат Айтмағамбетов Қазақстанда 500 мың теңгеден көп жалақы алатынын мұғалімдер бар екенін мәлімдеді.

АЛЫП АЛМАТТЫҢ ТАҒЫ БІР РЕКОРДЫ ГИННЕСКЕ ЕНДІ

«Қазақ титан» тағы да таңқалдырды. Көпшілік арасында Қажымұқан атанып кеткен Алмат Жұманов бұл жолы тағы бір рекорд қойды, деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

Арқасына 280 келі түйені көтерген алып, 4 тонна 68 келі болатын үш көлікті 13 метр жерге дейін сүйреп гиннес кітабына өз атын қалдырды. Мұндай әдісті алғаш рет өзі ойлап тапқан. Түйе көтеру қалыпты болғаннан кейін, осындай жаңа әрекетке бардым деп отыр. Бұл жолы Алмас бір айға жуық дайындалған екен.

Естеріңізге сала кетейік, Алмат бұған дейін 108 тонналық пойыз вагондарын тартып рекорд қойған болатын.

Сонымен қатар Айдын Нұржұмаұлы да елді елең еткізер әдіспен көлік тартып өз атын рекордтар кітабына қалдырды. Төс сүйегіне ілгіш іліп неміс автомобильін 63 метр жерге сүйреген азамат бұл әдіс үшін талай еңбек еткенін де атап өтті. Өйткені, төс сүйегімен небәрі 10-15 келі салмақты ғана тартуға болады екен.

Осылайша, қазақтың қос алыбы өз есімдерін гиннес кітабына жазып, енді жаңа белестерді бағындыру үшін ары қарай да шыныға береміз деп отыр.

«Адырна»

РЕСЕЙ СІМ РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ ТУРАЛЫ ЖАЗДЫ

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі 1945 жылы 30 сәуірде Рейхстаг ғимаратының қасбетіне алғашқы Қызыл туды 150-атқыштар дивизиясының 674-атқыштар полкінің жауынгерлері Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов орнатқаны жайында жазды, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Берлиннің қақ ортасында орналасқан Рейхстаг Гитлер Германияның басты символдарының бірі болды. Жау оны қорғауға мұқият дайындалды. Ғимаратты қорғауға СС-тің ең жақсы бөліктері мен таңдаулы армия бөлімшелері жіберілді.

Рейхстаг баспалдақтарына көтерілген алғашқы кейіпкерлердің қатарында 20 жастағы лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен 19 жастағы Қызыл әскер Григорий Булатов болды. Жауынгерлердің өздерімен бірге қолдан жасалған жалауша – қарапайым алқызыл тутұғыр болған. 150-ші дивизияның соғыс журналына сәйкес, сағат 14:25-те олар ғимараттың орталық бөлігіне және негізгі кіреберістің баспалдақтарына қызыл ту қойды. Бұл Рейхстагқа азат етуші жауынгерлер салған баннерлердің алғашқысы еді.

Рейхстагтың баспалдақтарында желбіреген Қызыл Ту біздің жауынгерлерге күш берді. 30 сәуірде кешке 674 және 756-шы полктердің негізгі күштері фашистердің қарсылығын жеңіп, ғимаратқа кірді. Түнде лейтенант Берест, сержант Кантария және Қызыл әскер Егоров неміс мергендерінің оқтарының ысқырығымен фашизм ордасының үстіне Жеңіс туын орнатты. Рейхстагтың жертөлелері мен дәліздеріндегі қызу шайқастар 2 мамырға дейін жалғасты.

Рейхстагты алу кезінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов Қызыл Ту орденімен марапатталды. Қошқарбаевқа ескерткіштер оның Отаны - Қазақстанның Ақмола облысында және республиканың астанасы Нұр-Сұлтан қаласында, ал Булатовқа Киров қаласында орнатылды», делінген жазбада.

ШЫМКЕНТТІК ҰСТАЗ — «100 ЖАҢА ЕСІМ-2021» ЖЕҢІМПАЗЫ

«Қазақстанның 100 жаңа есім-2021» жобасының жеңімпаздары анықталды.

Бүгін «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының IV маусымы қорытындыланды. 3 мыңға жуық қатысушының арасынан Шымкент қаласы М. Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын 8 мамандандырылған мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Керимбекова Роза Аршабайқызы үздіктер қатарынан көрінді.

Жеңімпаздарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтап, өз дарынымен көпшілікті мойындата білген, мемлекетімізді өркендетуге айрықша үлес қосып жүрген азаматтарға алғысын білдірді. Президент терең білімін озық тәжірибемен ұштастыра білген отандастарымыздың еңбегін ерекше атап өтті. Тәуелсіздік кезеңінде өсіп жетілген буынның қарым-қабілетін жоғары бағалады.

«Білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу – бұл аса маңызды мемлекеттік міндет. Еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың қолында болуы керек. Солай боларына кәміл сенемін. Осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі реформаларды міндетті түрде жалғастырамыз», – деді Мемлекет басшысы.

2017 жылдан бері «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына 7,5 мың адам қатысып, талай талантты, талапты қазақстандықтардың есімін таныдық.

«Жүз жаңа есім» жобасы қазақстандық арманның анық іске асқанын көрсетеді. Әрбір талантты, еңбекқор, мақсатшыл адам осы заманның батыры және ұлт мақтанышы бола алады. Сіздер сияқты табысты азаматтар неғұрлым көп болса, еліміздің бәсекеге қабілеті соғұрлым арта түседі. Халқымыздың мерейі де үстем болады. «Жүз жаңа есім» жобасының мақсаты да – осы. Қазіргі заман – білім мен ғылымның дәуірі. Санасы сергек, ойы ұшқыр жастарды ел үшін аянбай еңбек етуге шақырамын. Бұл сіздердің қолдарыңыздан келеді. Мен Қазақ елінің жастарына сенемін!» – деді Қ. К. Тоқаев.

Биылғы маусым жеңімпазы, төрге шыққан шымкенттік ұстаз Роза Аршабайқызы талай республикалық ғылыми жобалар конкурсының жеңімпаздарын дайындаған білікті маман.

АТАМБАЕВҚА АУЫР ДИАГНОЗ ҚОЙЫЛДЫ

Қырғызстанның экс-президенті Алмазбек Атамбаевқа ауыр диагнозы қойылды. Бұл туралы саясаткердің адвокаты Замир Жоошев мәлімдеді, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Адвокаттың айтуынша, 1 сәуірде тексеру кезінде Атамбаевқа жүректің коронарлық ауруы, ФК 2 кернеуінің стенокардиясы, атеросклероз, коронарлық артерия кальцинозы және басқа да бірқатар диагноз қойылған.

«Жеке әңгіме барысында дәрігер маған коронарлық артерия кальцификациясы науқастың инфарктқа дейінгі жағдайын көрсететінін түсіндірді», - деді Замир Жоошев.

Оның айтуынша, дәрігерлер Алмазбек Атамбаевқа отыруды шектеуге кеңес берген.

«14 сәуірде «Қой-Таш» оқиғалары бойынша қылмыстық істі қарайтын судья Әзірет Медеров экс-президент Алмазбек Атамбаевтың денсаулық жағдайын анықтау бойынша сот-медициналық сараптама тағайындау туралы шешім қабылдады.

Сараптама қорытындысы бойынша экс-президент Алмазбек Шаршенұлына Қырғызстанда немесе шетелде толыққанды медициналық ем алу мүмкіндігі беріледі деп үміттенемін», - дейді адвокат.

Айта кетейік, Алмазбек Атамбаевқа қатысты бірнеше қылмыстық іс қозғалған болатын. Оның ішінде 2019 жылғы 7-8 тамызда Қой-Таш ауылындағы тәртіпсіздіктер, сыбайлас жемқорлық және қылмыстық кірістерді заңдастыру дерекетері бойынша.

КҮЛІП КЕЛГЕН ҚАРЫЗ ЖЫЛАП ҚАЙТАДЫ

Бұрын кредиті бар адам көрсек, таң қалатынбыз. «Қай банктен алдың? Қанша пайыз? Ол ақшаны ай сайын тауып бере аласың ба?» деп жата кеп жабысатынбыз. Қазір несиесі жоқ адам көрсек, әлгіні айналсоқтап шықпайтын болдық. «Ойпырмай, қандай бақытты жансың? Кредитсіз өмір сүрген қалай екен? Не үшін несие алмай жүрсің?» деп құдды несие алу жазылған заң сияқты көреміз. Өйткені, несиесіз адам жоқ қазір. Алыстан іздемей-ақ қойыңыз, айналаңыздағы үш адамның екеуінен сұраңызшы, банкке берешек болып шығады.

Бұрын жұрт несиені амалсыздан алатын. Ақша таппай қатты қиналғанда, үй немесе көлік алғанда банкке жүгінетін. Қазір ұялы телефонды, киім-кешекті қарызға алып, тіпті қарызға тамақтанатындарды қайтесіз?

Қарыздың аты – қарыз, қайтару керек. Бірақ адамның бәрі бірдей емес. Біреу алған ақшасын киім кимей, тамақ ішпесе де, уақытында қайтаруға тырысады. Ал кейбіреулер ақшасы бола тұра, несиені тегін ақшадай көреді. Әдейі қайтармайды немесе кешіктіреді. Сөйтіп банктің «қара тізіміне» енеді.

Осы аптада Сенаттың отырысында отандастарымыздың несие тарихы туралы айтылды. «Қара тізімге» енген қандастарымыздың хәлі сөз болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, 6,7 млн адам банкке берешек екен. Оның ішінде 1,5 миллион азамат несиесін төлеп үлгерсе де, несие тарихын «нашар» деп көрсетіпті. Себебі олар қарызын 90 күннен ары өткізіп төлеген, яғни кешіктіріп өтеген. Агенттік өкілінің айтуынша, осындай түрлі себептерге байланысты, банктер мен микроқаржы ұйымдары бұл адамдарға жаңа несие беруден бас тартқан. Олардың ішінде 489 мыңы 5 жылдан астам уақыт бұрын несиесін кешіктіріп төлегендер. Енді олар ақша қажет болған жағдайда банктен несие ала алады. Ал 7 жыл бұрынғылардың саны – 346 мың, 10 жыл бұрынғысы – 107 мың адам… Н.Әбдірахманов: «Несие тарихы нашар адамдарды тізімнен шығаруды – 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту экономикалық және әлеуметтік жағынан да қоғамға үлкен әсер етер еді», – деді. Демек бұған дейін банктің «қара тізіміне» еніп, несие ала алмай жүрген азаматтар қайтадан несие рәсімдей алады деген сөз.

Парламет отырысында бұдан былай коллектордың борышкерге қоқан-лоққы жасай алмайтыны туралы да айтылған. Сенаторлар қабылдаған заң оларға бөгде адамдардың телефон нөмірінен борышкерге хабарласуға тыйым салады. Одан басқа, агенттіктер борышкермен сөйлесудің кез келген процесіне бейне және аудио түрінде жазба жүргізуге міндетті. Сенаторлардың пікірінше, бұл талап коллекторлар тарапынан дөрекі сөйлесу немесе заңнаманы бұзудан сақтайды. Қазақта «Күліп келген қарыз жылап қайтады» деген сөз бар. Несие төлеу оңай көрінгенімен, ай сайын отбасы бюджетінен ойып беру қиын-ақ.

Жарас КЕМЕЛЖАН

МӘСКЕУ ҚОЙҒАН «МИНА» ТАҒЫ ЖАРЫЛДЫ

КСРО саясаты мен билігі қалдырған «мұра» кеше тағы өз жемісін берді. Анығы Мәскеу қойған «мина» тағы жарылды. «Мина» емей немене, жерді бөлу кезінде қасақана қастық қылып, тұтастық принципіне қарама-қайшы негізде территорияны бөлуге барын салса. Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның картасын қолыңызға алып қараңыз. Таңданысыңызды жасыра алмайсыз.

Қалайша құрлықтағы мемлекеттер, өзара бауыр елдердің арасында осыншалықты анклавтар көп. Міне, сол КСРО билігі, сол кезеңдегі Мәскеу басшылығы қойған «мина» кеше жарылды. Тұтас Орталық Азияны жаңғырта жарылды. Тарихы тағдырлас, мың жылдық көршілердің бір-біріне оқ атуымен көрініс тапты.

Қырғызстан-Тәжікстан-Өзбекстанның арасындағы жер дауы, шекара мәселесі 1991 жылдан бері өз өзектілігін тоқтатқан емес. Себебі әлі демаркация мен делимитация жүрмеген. Ташкент-Бішкек-Душанбе арасында келісімдер бар, келіссөздер ұдайы жүріп жатыр, бірақ нәтиже аз. Садыр Жапаров билік тізгінін алған сәттен бастап, ең алдымен осы мәселені реттеуге кірісті. Ташкентке барды, Тәжікстанға өкіл жіберді. Тараптар жер алмасуға келісіп, жаға жыртысуды тоқтатуға уағдаласты. Дегенмен нәтиже оң шешімін таппай тұр. Мәселенің қаншалықты күрделі екенін қарап көрелік.

Мысалы Өзбекстан мен Қырғызстан арасында 30-дан астам даулы аймақ бар. Екі ел шекарасының ұзындығы 1375 шақырым, соның 1000 шақырымдайы толық шешілген, қалғаны дау-дамайдың арасында. Қырғызстан жерінде Өзбекстанның екі анклавы бар. Ол – Сох және Шахимардан жерлері, ондағы халық саны 50 мыңнан асады. Өзбекстанда қырғыздар тұратын Барак ауылын да анклав десе болады, ондағы халық саны 150 адамды құрайды. Қырғызстан мен Өзбекстан 2018 жылы анклавтар бойынша жер алмасып, мәселені шешпек болған еді, дей-тұра ол оң шешімін таппады.

Қырғыз бен тәжік арасында да жер дауы өршіп тұр. 29-сәуірден кейін өртеніп тұр десек те болады. Қырғыз-тәжік шекарасының ұзындығы 970 шақырым, оның 530 шақырымы бойынша ғана нақты келісім жасалған. Екі ел арасында Лейлек және Баткен аудандары маңында даулы жерлер жетерлік. Қырғызстан жерінде Тәжікстанның Ворух анклавы тұр. Ондағы халық саны 20 мыңға жуық. Міне, дәл осы Ворух маңында кешегі атыс-шабыс басталып, арты қарулы қақтығыстың нағыз өзіне ұласқан еді. Анклавтардың орналасқанын түсіну үшін, картаға бір назар аударыңыз.

Жыл сайын көктем мезгілінде Қырғызстан-Тәжікстан-Өзбекстан арасындағы жер дауы өршиді. Себебі қарапайым. Көктем мал және егін шаруашылығын жандандырып, қыстың қамын ойлайтын кезеңнің басы. Ауыл шаруашылығы үшін су мен шұрайлы жер ауадай қажет. Міне, осы сәтте суды бөлісу, құнарлы жерді иемдену бойынша қарама-қайшылықтар туындап жатады. Көбіне ол қақтығыстар шекарашылардың өзара келісімі арқылы шешімін табады, алайда оқиға кез келген сәтте бақылаудан шығып, соңы қарулы қақтығысқа ұласып кетуі әп-сәтте. Кешегі қайғылы оқиға соның дәлелі.

Қарулы қақтығысқа 28 сәуір күні Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы су қоймасының маңына тәжік тарапының бейнебақылау орнатып, екінші тараптың оған қарсылық білдіруінен басталды. Сөзбен қарсылық тас атысуға, ал тас лақтыру, қарулы қақтығысқа дейін жеткізді. Салдарынан қос тараптан ондаған адам қаза тапты. Соңғы мәліметтерге қарасақ Қырғызстан тарапынан 13 адам қаза тауып, 134 адам жарақат алған. Тәжікстан 10 адамынан айрылып, 90 адам жараланған. 29-сәуір екі елдің соғыс жағдайына біртабан жақын қалғанын көрсетті. Себебі қақтығыста тікұшақтар, ауыр техника мен пулемет, миномет, тіпті БТР қолданылған, әскери бекеттерді басып алу, ауылдарды өртеу фактілері тіркелді. Душанбе мен Бішкек эмоцияға берілмей өзара келісімге келіп, салқынқандылық танытуы ғана жағдайдың ушықпай, үлкен соғысқа ұласуын тоқтатты.

Ресми Нұр-Сұлтан жағдайдың ушығып кетуінен сақтанады. Орталық Азия атты ортақ үйіміздің отқа оранғаны біз үшін де қауіпті. Сондықтан да Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел шекарасындағы жағдайды реттеуге қол ұшын беруге дайын екенін мәлімдеді. Президент мәлімдемесінде: «Өз тарапымнан мәселені шешудің тиімді жолдарын қарастыруға және өзара сенімді қайта қалпына келтіруге күш салуға дайынмын. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кезекті консультативтік кездесуі аясында мұндай шекаралық қақтығыстарды реттеудің тетіктерін қарастыру қажет деп санаймын», – деді. .

Қазір атыс тоқтады. Тыныштық орнады. Алайда тыныштық қанша уақытқа созылмақ? Бұл мәселе қашан толық шешімін табады? «Ташкентке жер бермейміз» деп ұрандатып жатқан Кемпір-Абад су қоймасының маңындағы мыңдаған наразы халықтың қайта шықпасына кім кепіл? Бүгін-ертең тағы атыс болмасына кім жауапты? Ондаған күрделі сұрақтың жауабын табу қиын, бірақ себебін анықтау оңай. Себебі біреу. Қақтығыс себебі КСРО билігі қойған «миналар». Ол миналарды қазіргі Мәскеу тиімді пайдаланып, ықпал ету рычагы ретінде ұстап отыратыны соқырға да көрініп тұр.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ
Abai.kz

VPN-ГЕ ТЫЙЫМ САЛУ ЖӘНЕ КЕЗЕКТЕРДІ ЖЕДЕЛДЕТУ — ТҮРКІМЕНСТАНДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР

Мемлекеттік азық-түлік дүкендеріндегі кезектер президенттің имиджін бұзады.

Түрікменстанда дағдарыс жалғасуда, деп хабарлайды Азатлық. Бірақ себептерді жоюдың орнына, билік оның көріністерімен күресуді жөн көреді. Сонымен қатар наразы адамдарды іздеуде.

Дүкен алдында жиналмау керек

Ашхабадта азық-түлік дүкендерінің алдында жиналғандарды ұстау басталды. Порталдың жазуынша,

полицияға дүкендердің жанында жиналған азаматтарды 15 тәулікке қамауға алудан ұстауға дейін бұйрық берілді

Көбіне ұсталғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, әлеуметтік қашықтықты бұзғаны үшін айыппұл салынады.

Хабарламалар азық-түлік дағдарысының шиеленісуі аясында пайда болды.

Соңғы апталарда елорданың мемлекеттік дүкендерінде өнімдер сиреп жатыр. Осыған қарамастан, адамдар түн ортасынан кейін кезек алып және бірнеше сағат ішінде өнімді сатудың басталуын күтеді. Бұл негізінен нан, ұн, өсімдік майы, кейде қант және жұмыртқа. Коммерциялық дүкендердегі бағаның қарқынды өсуі аясында мемлекеттік дүкендерде өнімдер мемлекет реттейтін субсидияланған бағамен сатылады.

Азаматтар полиция қызметкерлерінің бұйрықтарын елемей, дүкендерге жиналуды жалғастыруда. Кейбір жағдайларда олар ол жерден кетіп, жақын жерде жиналып, күтеді.

Ал полиция қызметкерлері

қорқыту үшін адамдарды жүйелі түрде ұстап, участкеге алып барады. Олардың арасында әйелдер көп

Президенттің ұлы кезекке тыйым салды

Сонымен қатар, дүкен қызметкерлері де кезектерді жоюға қатысады. Кейбір сатушылар кезек күтушілерді қуып шығады. Кейбірі түсіністік танытуға тырысады. Келушілердің телефон номерін жазып алып, тауар келсе хабарласамын деп, кезекті сейілтуге тырысады. Екі жағдайда да сатушылардың мақсаты – сатып алушылардың дүкен алдында жиналуын болдырмау.

Түрікмен шенеуніктері мен БАҚ халыққа кезекте тұруға тыйым салу және жазалау туралы ресми түрде хабарламайды.

Ақпараты бар дереккөздердің айтуынша,

ұстау құқық қорғау органдары басшылығының дүкендердің жанында адамдардың жиналуына жол бермеу туралы өкімінен кейін басталды.

Ол орындамаған жағдайда полицейлер жұмысынан айырылуы мүмкін. Белгісіз дереккөздің айтуынша, себептердің бірі – кезектерде биліктің саясаты талқыланады.

Биліктің қазіргі белсенділігі вице-премьер Сердар Бердімұхамедовтың жақында талап етуінен кейін басталды.

Анонимді ақпарат көзі ретінде сөйлескен адамның айтуынша, президенттің ұлы азық-түлік кезегі президенттің имиджін бұзатынын айтқан. Осылайша, кіші Бердімұхамедовтың тапсырмасы бойынша

басшылық дүкендердің айналасындағы жағдайды мұқият қадағалап, адамдар жинала бастаған бойды кезектерді қууға міндетті.

Шенеуніктер VPN-ге тыйым салады, бірақ өздері қолданады

Түрікменстан билігі VPN пайдаланушыларын анықтап, жазалауды жалғастыруда. Мектептерде смартфондарды тексеру бойынша жүйелі түрде рейдтер жүргізіледі, сондай-ақ ұялы телефондардың ішіндегісін тексереді.

Журналистер орта мектеп оқушылары мен оқытушылары арасында жаңа тұтқындаулар мен айыппұлдар туралы хабарлайды. Түрікменстанның шығыс аймағында 10-ға жуық орта мектеп оқушысы VPN-ді қолданды деген күдікпен жергілікті полицияның назарына ілікті.

Кем дегенде екі оқытушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды

VPN қолданған студенттердің өздеріне қатысты қандай нақты шаралар қабылданғанын әзірге білу мүмкін болмады.

Мектептерде ұялы телефондарды пайдалануға ауызша тыйым бар. Сонымен қатар, бұғаттауды айналып өтуге мүмкіндік беретін VPN қызметтерін пайдалануға тыйым салынады. Интернетті қатаң басқаратын билік VPN-ді жүйелі түрде бұғаттайды және халықты тәуелсіз ақпарат алуға тырысқаны үшін қудалайды.

Мектептерден басқа, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, оның ішінде медицина қызметкерлері мен полиция ұялы телефондары тексеруден өтеді.

Тілшілердің айтуынша, бұл ретте елімізде VPN сервистерінің танымалдығы артып келеді, оларды түрлі құрылымдардың, соның ішінде құқық қорғау, сот органдары мен өңірлік әкімшіліктің шенеуніктері де пайдаланады.

Мектептерде ұялы телефондарды үш жылдан бері пайдалануға болмайды

Дереккөздер Ұлттық қауіпсіздік департаментінің қызметкерлері VPN-ді орнату және пайдалану үшін өз шеберлерінің қызметтеріне жүгінеді деп мәлімдейді.

Жергілікті әкімшіліктің, құқық қорғау органдарының және телекоммуникациялық ұйымдардың өкілдері VPN тақырыбы мен оны пайдаланғаны үшін қудалау туралы ресми түсініктеме бермейді.

VPN пайдаланушыларын анықтау, смартфондардың мазмұнын тексеру және ұялы телефондарды алу жүйелі түрде жүргізіледі. Тілшілер Ұлттық қауіпсіздік департаментінің қызметкерлері Марадағы полиция қызметкерлерінің ұялы телефондарын тексергені туралы хабарлады. Наурызда Лебап уәлаятында полиция мен қауіпсіздік қызметкерлері жергілікті ауруханалар мен емханалардағы медицина қызметкерлерінің ұялы телефондарын тексерді.

Оқу орындарында ұялы телефондарға тыйым салу соңғы үш жыл ішінде сақталады және мерзімді түрде күшейтіледі

2018 жылы мемлекеттік мекемелерде ұялы телефондардың болуына және пайдалануға, білім беру саласының қызметкерлері, оқушылар, сондай-ақ медицина қызметкерлеріне тыйым салынды. Содан бері мұғалімдерге, медицина қызметкерлеріне және оқушылардың ата-аналарына жүйелі түрде айыппұл салынып келеді.

Смартфон қолданушыларына қысым президенттің қазіргі технологиялардың жастар мен ересектерге тигізетін зияны туралы сөзінен кейін көп ұзамай күшейе түсті.

Жалақы заттай беріледі

Лебап уәлаятындағы Сейдин мұнай өңдеу зауыты жұмыс орнындағы жұмысшылардың шамамен 30%-ын қысқартады. Сонымен қатар, "Түркмендемиреллары" мемлекеттік агенттігінің темір жол тасымалдарын жекешелендіру күтілуде.

Зауыт қалған жұмысшыларға елде өндірілген тауарларды жалақы ретінде төлеуді жоспарлап отыр. Яғни киім және мұнай өнімдерімен.

Түрікменстанның отын-энергетикалық кешені экономиканың ең табысты саласы болып табылады. Бірақ ел экономикасындағы шиеленісіп бара жатқан дағдарыс мұнай-газ саласының қызметкерлеріне де соққы беріп отыр.

Өткен айда портал кейбір мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер жұмыс орындарын қысқартуды жоспарлап отырғанын хабарлады және жалақының бір бөлігін тауарлармен төлей бастады.

Мемлекеттік мекемелердегі жұмыс орындарын қысқарту және алақы Түрікменстанда терең экономикалық құлдырау аясында төленеді

Соңғы айларда түрікмен ұлттық валютасы айтарлықтай жоғалды. Сонымен бірге халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету де нашарлады.

Наурызда Дарганата этрабында білім және денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне жалақының 50%-ы тамақ, тоқыма, ыдыс-аяқ және шамдармен төлене бастады.

Жаңа шенеуніктер бұрынғыларға қарағанда көбірек ұрлайды

Ел билігі кәсіпорын басшыларын өзгерте отырып, бұл жағдайдан шығудың жолын іздеуге тырысуда. Бірақ бұл жағдайға көмектеспейді. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешпейді.

– Түрікменабад май зауытында өткен жылы үш басшы ауысып, үшеуіне қарсы сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ұн тарту зауытында соңғы 13 жыл ішінде 20-ға жуық басшы темір торға тоғытылды. Бірақ ұрлық пен сыбайлас жемқорлықтың ауқымы азайған жоқ, бірақ өсті", — деді ақпарат көзі.

Сонымен бірге, экономикалық дағдарыстың ортасында кейбір мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру туралы хабарламалар пайда болады.

Біздің тілшіміздің хабарлауынша, Лебап уәлаятындағы жолаушылар мен жүк пойыздарын жекешелендіру және жөндеу ниетіне байланысты сәуір айының басында жүк пойыздары тоқтатылды.

Тілшінің айтуынша, бұл өңірдегі құрылыс материалдарының қымбаттауына алып келді.

– Темір жол бойынша жүк тасымалдары шамамен екі апта бойы жүзеге асырылмады. Жеке кәсіпкерлер пойыздарды жекешелендірген кезде олар қайта басталады дейді. Егер темір жол жүк тасымалдары жеке кәсіпкерлерге өтетін болса, тарифтер де көтеріледі. Бұл азық-түліктің, бензиннің және құрылыс материалдарының одан әрі қымбаттауына әкелуі мүмкін, – деді теміржол қызметкері.

Қарап отырсақ, біздің мемлекет басшылары қызметтерін бастағанда Ұлытаудағы Жошы хан мазарының басына барып ізет етіп, алдағы болашақтарын айқындайтын әдеттерін ақпарат көздерінен біліп жатамыз. Алдыңғы жылы президентіміз Қ.Тоқаевтың алғашқы сапарларының бірінде осы Ұлытаудағы Жошы хан мазарының басына арнайы барғанын естідік.

ШЫҢҒЫС ХАНДЫ НЕГЕ ЖАТСЫНАМЫЗ?

Сонда деймін-ау, Жошы хан атамыздың басына барып ізет етеміз де, оның туған әкесі – Шыңғыс хан бабамызды моңғолға теліп қоямыз (әлемге әйгілі бабамыздың төрт ұлының: Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле – осылардың үлкені Жошы хан емес пе?) Бұл қалай? Қазекеме салсақ, алты Алаштың ардақты тұлғаларының бірі – Кенесары хан бабамыздың бас сүйегін Ресейден елге қайтарсақ, халқымыздың рухы көтеріліп, бір жасап қалар едік дейді, өте орынды. Ал енді хан Кененің түпкі бабасы, әлемге әйгілі Шыңғыс хан бабамыздың қыпшақ – қазақ екенін бүкіл Жер шарына паш етсек, рухымыздың көтерілгенінің көкесі сонда болады. Алаштың рухы жанып, одан әрі асқақтап, еліміздің тірлігінде жаңа леп пайда болып, одан әрі де кемелдене түсер едік.

Сенаттағы халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Құл-Мұхаммед Ресей думасының депутаты В.Никоновтың арандатушылық сөзіне қарсы пікір білдірген болатын. Оның «Жас Алашта» жарияланған ұстанымынан үзінді келтірсек, мынадай жолдарды көреміз: «Алтын Орданың негізін қалаған Жошы хан – Керей мен Жәнібектен Абылайға дейінгі барлық қазақ хандарының атасы. Жошы ханның мазары Ұлытауда, Орталық Қазақстанның аумағында орналасқан». Бұл азаматтың кезінде үкімет мүшесі болғанын т.б. жауапты қызметтер атқарған, тарихтың қыр-сырын білетін, яғни қара жаяу емес шенеуніктің пікірі. Қалай ойланбайсың? Егер Жошы хан қазақ хандарының атасы болса, оның әкесі – ұлы Шыңғыс хан бабамыз кім болғаны?

Соңғы кездері «Жас Алаш» газеті Шыңғыс хан бабамыздың айналасындағы пікірталастар жөнінде көп жазып, жұртшылыққа ой салып жүр. Әсіресе қазіргі қазақ қоғамының заңғар жазушысы Мұхтар Мағауин мен аталмыш басылымның белсенді авторларының бірі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, замандас ініміз Бейсенғазы Ұлықбектің Шыңғыс хан бабамыз жөніндегі келтірген дәйек-деректері көңілге қонымды, яғни шындықты айғақтай түседі. Олардың тарихи құжаттарды пайдаланып зерделеген дәлелдері қарапайым оқырманға тарихи шындықты біртабан жақындата түскендей. Әрине, бұл менің жеке пікірім. Енді ақпараттарда жарияланған кейбір маңызды деректерге үңіліп көрейік.

Мысалы, қазаққа қатысы жоқ орыс ғалымдарының зерттеулерін алайық. Бейсенғазы Ұлықбек бір мақаласында («Жас Алаш» №53, 02.07.2020 ж.) мынадай құнды деректерді келтірген. Мәселен, орыстың зерттеуші ғалымы, академик В.Федоровтың «Записки о границах окружающие государствами Россий» деген зерттеу кітабында былай делінеді: (93-бет, 1997 жыл) «В современной Монголии, хотя они называют себя монголами, фактически они принадлежат народам Бурятии. Когда-то русские установили границу, народ бурят раскололся на две части, лесные и степные. У них общие традиции, обычаи, язык и даже одинаковая одежда. Оба народа веры

будды. Их население очень малочисленно. Слово «Мон – голл» является китайским словом. В переводе как «скотники». Бурят – монголы не могли выступать против других государств, таких как великий Китай и других империй. Поэтому буряты в данное время (монголы) не в состоянии были тогда образовать мировую державу, так как они были очень малочисленны. А Чингис хан и подчиняющиеся ему роды, племена были только кипчаками. Они говорили на кипчакском языке (древнеказахском языке)» деп көрсетеді. Байқасаңыздар, бабамыз жөніндегі дәлелдемелер көп жайттан хабар бермей ме?

Профессор Талас Омарбековтің «Жас Алашта» жарияланған көлемді мақаласында «Шыңғыс ханның ататегі туралы не білеміз?» деген жолдар бар. Қазақ хандарының арғы бабасы Шыңғыс хан болып табылатыны тарихта дау туғызбайды. Алайда Шыңғыстың руы бөржығын-қият болғанына қарамастан, қазақ арасында одан тараған ақсүйек әулет өкілдерінің осы руға жататыны айтылмай, олардың, яғни қазақ хандары мен сұлтандарының рулық шежірелерде төрелер деп аталатыны тағы белгілі. Олай болса Шыңғыс хан да төре емес пе? Бұрын қияттан тараған Шыңғыс хан ұрпағы қалайша төре атанып кетті деп көрсетеді. Бұл фактілер жөнінде зерттеуші ғалымдар бір мәмілеге келер деп ойлаймын. Ал енді осы қият руына біршама тоқталайық.

М.Мағауиннің «Қазақ елі kz» газетінде (№1, 18.03.2020 ж.) «Шыңғыс ханды мен қазақ үшін жаздым» атты мақаласы көп жайларға жетелейді. Онда Дегин деген француз оқымыстысы Шыңғыс ханды түркі деп жазды. Кейін біздің империялық саясат үшін түрік болмауы керек болды. Осы мақалада және былай деп көрсетілген: «Ал біздің қазақтарға таңғаламын, жүз рет «Шыңғыс хан – қазақ» деп айтсаң да, миына қонбайды. Шыңғыс хан қазақта асыл нұрдан жаралған әулие саналады. Алтын Орданы есептемегенде, қазақты неше жүз жыл Шыңғыс хан ұрпақтары биледі. Арыдан бастасақ, Мұрат ақынның, Мағжанның, Шәкәрімнің өлеңдері, Абайдың айтқандары бар. Ғұмар Қараш: «Шыңғыс хандық құрған ел – Қарақыпшақ Қобыландылар туған ел», – десе, ал Мұратта «Ойыл да, Қиыл, Жем, Сағыз, Қайран Саланың жатқан аңғары-ай, Ақ сәлделі пірлердің мешітке жаққан шамдары-ай, Кәпірден теңдік алуға қайтып та туар деймісің, Мұсылманның баласы Шыңғыстан туған хандар-ай» деген жолдар бар». Одан бөлек, заңғар жазушымыз «Шыңғыс хан қият руынан шыққан. Қият қазақтың шанышқылы руының құрамына енген. Сондай-ақ адай да ежелгі қият есімінде. Шыңғыс хан әулеті «төре» атанды, Алтын Ордаға жалғас Қазақ ордасының барлық ханы – Жәнібек пен Керейден бастап, Кенесарыға дейінгі аралықтағы қазақ ұлтының аруағын көтерген ұлы тұлғалар тағы бар. Бұлардың ішінде Алаш арыстарының көсемі Әлихан Бөкейхан да бар» дейді.

Әрине, ақпарат айдынында Шыңғыс хан бабамыз туралы айтыс-тартыстар жетіп-артылады. Менің арманым – жарты әлемге үстемдік жүргізген ұлы Шыңғыс хан бабамызды өз ұрпақтарымен қауыштыру қарекеті қана. Әрі қарай бір түйінге келу зерттеуші, тарихшы ғалымдардың еншісінде. Тарихи шындықты жасыруға, қорлауға болмайды. Тіпті Жаратушының, керек десеңіздер, өткен тарихтың алдында күнәға батпаймыз ба? Кезінде славяндарды үш жарым ғасыр бодандықта ұстағандықтан, бүгінгі күні Ресей елінен қорқасоқтап, әйгілі Алтын Орда империясын біз мемлекетіміз деп, ал Шыңғыс хан бабамызды ашық түрде біздің ата-бабамыз деп айта алмай келеміз. Неге? Бір жағынан, қара қытайдан да ығысамыз, оларды да батыр бабаларымыз бір жарым ғасыр өзіне тәуелді етіп бағындырған. Енді келіп бұл орекеңдердің құқайынан қорлық көріп отырмыз.

Бұрындары Жириновский, Лимонов дегендер қазақ жеріне көз алартып ұлитын болса, бүгінде Ресей думасының депутаттары В.Никонов, Е.Федоров дегендер де айтақтайтын болды. Көршілес, тату доспыз деп жүрген мемлекеттің президенті В.Путин олардың қолтықтарына су бүркіп, «қазақта бұрын-соңды мемлекет болмаған» деп сандырақтағанын қайтеміз?! Мен айтар едім, бұл арандатушылықтар әдейі ұйымдастырылған қитұрқы әрекеттер деп. Сондықтан бұлардың көздерін бақырайтып қойып, ұлы Шыңғыс хан бабамыздың қыпшақ – қазақ екенін бүкіл әлем алдында паш етуіміз керек (олар XIV-XV ғасырларда Қазақ хандығының құрылғанын тарихтан біле тұра, осындай иттік жасап отыр). Сонда ғана бұл сабаздар сабасына түседі деп есептеймін. Қалай болғанда да, бұндай қоқан-лоқы әрекеттерін жалғастыра беретін болса, бұл елмен арамызды шорт үзіп, тереземіз тең болу үшін тайталасуымыз керек. Біздің қауқарсыз билік өткен отыз жылда өскелең ұрпақтың санасын әбден улады. Бүгінде бұл орысшыл билік үштілділікті ұрандатып, жас өрендерімізді мәңгүрт қылып болды. Астанамызға барсақ, жастарымыз тек қана орыс тілінде шүлдірлеп жүреді. Қалай қазақы ел боламыз? Бұлардың басқыншы әрекеттеріне тойтарыс бермесек, қоқаңдауын үдете береді.

Ресейде біздің қазақтардан қамқорлық көрген халықтар аз емес. Ондағы түркітілдес бауырлар да қазақтың басына ауыр күн туса, ат-тонын ала қашпас (орыстардың әлімжеттік тірліктерінің түбі түркі әлемінің қайта жандануына әсер етуі бек мүмкін). Оның үстіне бұл елде өз бауырларының тағдырына араша түсіп, араағайындыққа барып, әлемдік қауымдастықтың назарын аударып, ықпал ететін миллионан астам қандастарымыз тағы бар. Егер де басқыншылықты көздейтін бұл арсыз мемлекет қара ниеттерін жүзеге асыруға әрекеттенетін болса, онда Кеңес Одағының кебін киеді. Яғни өз-өзінен ыдырап тынады.

Сөз соңында айтарым, егер жоғарыда көтеріліп отырған мәселе оң шешімін тауып жатса, елімізде тіркелген барлық елшіліктерден өкілдер, Шыңғыс хан бабамыз жөніндегі зерттеуші ғалымдарды әр тараптан жинап,т.б. шенді-шекпенділерді шақырып, орталық қаламызда халықаралық ғылыми конференция өткізіп, шешімін бүкіл жаһанға паш етуіміз керек. Мәселенің түйіні шешілсе, астанамыздың көрікті жерінде ұлы Шыңғыс хан бабамызға зәулім ескерткіш орнатылғаны абзал. Яғни халқымыз баба рухынан нәр алып, сусындап жүрсін. Сіздер не дейсіздер?

Қамысбай БЕСЕНБЕРГЕНҰЛЫ
Abai.kz

МАҒЖАН МЕН МҰСТАФАНЫ БАҒАЛАДЫҚ ПА?



Қазақ руханиятында Абай даналықтың, жаңашылдықтың жинақ образы ретінде дәріптелсе, Мағжан Жұмабаев керісінше сары уайымның, ескілікті сағынудың символы іспетті бағалынып келді. Сезімтал ақынның өз өлеңінде «Әз Жәнібек сендер болыңдар, мен Асан болып өтейін», деп қайғы пірі Асан мен қайда барса алдынан қазулы көр шығатын Қорқыт бейнесіне қайтадан жан кіргізуі - сол нәубет заманның мүшкіл хәлін терең түйсінуден туған әдеби таңдауы еді.

Асан қайғыдан тартып Абайға дейінгі дала ойшылдары мұндай көркемдік орамды жиі қолданған. Асан қайғының «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар», деген терең мағыналы тіркесін Бұхар жыраудың өлеңмен тарқатып, түсіндіруі соны аңғартады.

Мағжан жасампаздығының Сәкен Сейфулин, Сәбит Мұқанов қатарлы замандастарынан өміршең болуының сыры да осы дәуір шындығын терең пайымдай білуі мен орамды, кестелі жеткізуінде жатыр. Ақтан да, қызылдан да күткен үміті ақталмаған Алаш зиялысының қамығыңқы көңіл ауанын заманның ығына жығылған көз көргендері мен әдеби орта баянсыз махаббаттан туған өткінші сезім азабына теліді. Көркемдік стилін символизмге балады.

Мағжанға бір жақты көзқарастың орнығуы қызыл идеялогияның ықпалынан екені белгілі. Қатаң цензура Мағжанның өлеңдерінен көрнекі көрініс тапқан өлім шақырған күйреңкі күйді әшкерелеуге еркіндік бергенімен, оның жарқын жағын, нақтылап айтқанда, Түркішілдікті ту еткен өр рухын айтуға тыйым салды. Халқымыздың қызылданған жетпіс жылдағы бастан кешкен ашаршылық, дүние жүзілік екінші соғыс, ядролық сынақ зардабы сияқты көргіліктері Мағжан ақынның тегіннен тегін сары уайымшыл болмағанын көрсетті. Бүгінгі күрделі әлемдік жағдайда түбі бір Түркі елдерінің таяуда «Түркістан декларациясын» қабылдауы Мағжан идеясының өміршеңдігінің айғағы. Әйгілі ақын Ақсақ Темірге арнаған өлеңінде:

Көк тәңірісі тәңірінің,
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер тәңірісі Темірдің,
Тұқымы-түрік, заты-от, - деп жырлаған еді. Бұл өлеңі баяғыда жазылса да бүгінгі өміріміздің суретіндей әсер етеді.

Ал Мұстафа Шоқайдың Мағжан отты жырларымен жарнамасын жасаған, Орыс отаршылдығына бірдер-бір қалқан болатын Түркішілдік идеясының саяси моделін жасап, жүзеге асырған, «Түркістан автономиясын» құрушы ұлы қайраткер екені белгілі. Ол өзі ту еткен өлмес идеяны Еуропада да кең насихаттады, жақтастар тапты. Мағжан жырының қуатына сенді. Кеңес одағы құлаған отыз жылдан кейін, бауырлас елдердің кеш те болса қазақтың арманда шейт кеткен қос оғланының ісін жалғастыруы өте құптарлық.

Өз заманынан озып туған екі алыпқа көше, мектеп атын беру сияқты кеңестен қалған еске алулар аздық етеді. Өлеңмен де, күрескер өмірімен де өрілген саяси мұрасына шыт жаңа көзқараспен баға беруіміз керек. Түркі бірлігі идеясын мектеп оқулықтарына, саясаттану ғылымына айшықтап енгізуіміз ләзім. Бұл екі арыстың көрген қиянатының өтеуі, мемлекетіміздің ірге тасын бекемдеуге қосқан үлесіміз болмақ.

Есбол ҮСЕНҰЛЫ

СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ КІМ КІНӘЛІ?

Жеке сот орындаушысы өз қызметінде
заңдылықты ,адамның қадір-қасиетін
құрметтеуге міндетті.
/ ҚР сот орындаушыларының мәртебесі
туралы Заңының 3-бабы./
Жақында газет редакциясына жетегінде мүгедек баласы бар әйел келіп,
мен сотпен жеке сот орындаушылар тарапынан әділдік таппай жүргендігін мәлемдеді.

Сол шағым жасаған жанның қолында бар құжаттармен таныса келе ,ол келіншектің Шымкент қаласы бойынша жеке сот орындаушысы У.Идияева ханым тарапынан бір жылдан астам уақыт бойы көрер көзге жасалған заңсыз әрекеттерінен әуре-сарсаңға түскені анық байқалады .

Осы екі арада шыдамы таусылған Қапбарова Ғалия Қадірқызы 2020жылдың 30-қазанында Шымкент қалалық Әділет департаментіне жеке сот орындаушысы У.Идияеваның жөнсіз әрекеттері жөнінде арыз жазып,шара көруін сұранады .

Әділет департаменті « шығарып салма ,жалаң жауап қайтармай , арыз бойынша арнайы тексеру жүргізіп ,жеке сот орындаушысы У.Идияева тарапынан жіберілген өрескел заң бұзушылықтарын анықтап, көрсетілген заңбұзушылықтарды жойып , азаматша Ғ.Капбарованың есеп шоттарын тыйымнан босату жайлы Шымкент қаласы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының төрағасы Мадияр Әбдібай мырза ға 2020жылдың қараша айында сот орындаушысы У.Идияеваға кемшіліктер мен заңсыздықтарды жою туралы ұсыныс –талап хат жолданады

Әділет департаментінен келген хатты палата төрағасы М.Әбдібай мырза жеке бақылауға алып ,оның орындалғаны жайлы тез арада жауап беруге міндетті болатын.

Бірақ та палата төрағасы М.Әбдібай тарапынан жеке бақылауына алынбай немесе өзінің орынбасарларының біріне тапсырма бермеу салдарынан , бұл хат бұрыштама нұсқауынсыз сот орындаушысы У.Идияева ханымға беріледі .

Ұсыныс хат басшылардың бақылауына алынбағанын байқаған сот орындаушысы , заңсыздықтарды жоюға әрекет жасамағаны былай тұрсын,күні бүгінге дейін,яғни 4-айдан астам уақыт өтсе де ,әділет департаменті анықталған мәселе бойынша жауап беруге жауапкершілігі жетпеген.

Бұл арада , тиісті бақылауды қамтамасыз ете алмаған палата төрағасы М.Әбдібайдың дербес мәселесін қарау жайлы еспубликалық жеке сот орындаушылар палатасының басшысына, палатада орындаушылық тәртіптің сын көтермейтінігі жайлы ұсыныс беру қажеттілігі туындап отырған жайы бар.

Енді ,Әділет департаментінің қызметкері Тағайбек Бекжанның тексеру қортындысы бойынша анықталған заңсыздықтарға қысқаша тоқтала кетсек.

Шымкент қаласының Абай аудандық сотының судьясы Бакирова ханымның

18.02.2020жылғы Қапбарова Ғ.Қ талап арызы бойынша Үсенов Серік Қалдарбековичке тиісілі жылжымалы және жылжымайтын мүліктеріне 200 000теңге шегінде талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымы негізінде ЖСО У .Идиява ханым тарапынан 21.02.2020жылы 66/20-79-4454 санды атқару өндірісі қозғалған.

Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы борышкер С.Усеновтың атында жылжымалы және жылжымайтын мүліктері тіркелмегені анықталған.

Бұл деген сөз, ЖСО У.Идиява ханым борышкердің жылжитын және жылжымайтын мүліктерін мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы тексермей «тисе терекке ,тимесе бұтаққа дегендей « былайша айтқанда жоқ мүліктеріне тыйым салған .

Мүлікке тыйым салу барысында И.Дияева ханым өз қаулысында борышкер С.Усеновтың мүлігінің мекен жайын және де ол мүліктердің нарықтық бағасын көрсетуіге міндетті болатын.

Бұл жайтты сыпайылап айтқанда , мәселенің байыбына бармай У .Идияева тарапынан жіберілген заң бұзушылық деуге болады .

Осыған қарамастан, атқару құжатының талабы толық орындалды деп У.Идияева ханым 26.04.20ж атқару өндірісін аяқтау туралы қаулысын шығарылған.

Жоқ мүлікке тыйым салу қаулысының заңсыздығына байланысты ,жеке сот орындаушының осы өндірісті орындалуына байланысты аяқтау туралы қаулысыда да заңсыз болып табылмай ма?

Сонымен қатар борышкердің «Халық банкі» және де «Каспий банк» есеп шоттарына тыйым салынған.

Мүлікке тыйым қаулысына Үкімет бекіткен ережеге сәйкес , қызмет ақысына 55560тенге алу жайлы сот орындаушының 25.08.2020ж қаулысы негізінде 385/20-79-4454 атқару өндірісі қозғалған.

Бірақ , бұл ереже нақты анықталған жылжитын болмаса жылжымайтын мүліктерге тыйым салынған кезде өндірілетін ақша .

ЖСО У.Идияева ханым осы заңсыз ақшаны өндіру үшін , ақпараттық жүйе арқылы Ғ .Капбарованың «Каспий банк» «Жилстрой сбербанк»,»Халық банкі»» «Банк центркредит» «Казпочта» АҚ есеп шоттарына 22.10.2020жылғы қаулысымен тыйым салған .

Бұл арада, У .Идияева ханым тарапынан қайткенде де сол 55560 тенгені өз пайдасына өндіру мәселесі ,басты мақсат болып тұрғаны байқалады.

Осы ақша үшін У. Идияева ханым жеке сот орындаушының мәртебесі туралы заң талаптарын орындамай ,әділет департаментінің ұсыныс хатын да орындамай отыр емес пе?

Атқару өндірісін тексеру барысында Ғ.Қапбарованың тіркелген мекен жайы немесе мүлкінің Шымкент қаласында тіркелгендігі туралы растама құжат анықталмады .

Заңның 52 бабының 1 тармағында ,атқарушылық іс-әрекеттер ұсынылған жері бойынша жүзеге асырыла отырып, атқарушылық құжат борышкер жеке тұлғаның тіркелген жері бойынша не оның тұрақты тұратын жері бойынша не жұмыс орны бойынша ,сондай-ақ оның мүлкінің тіркелген жері не орналасқан жері бойынша ұсынылады - делінген.

Дегенмен,ЖСО У.Идияева тарапынан заңның 52 бабының талабы сақталмай,тағы да заң бұзушылыққа жол берілген.

Бұл орайда , осы кемшілікті жою үшін соттың жылжымалы және жылжитын мүліктеріне талап қою туралы ұйғарымын Ғ.Капбарованың мекен-жайы бойынша қызмет ететін сот орындаушыға палата басшысы болмаса орынбасарлары жолдауға міндетті болатын.

Осыған байланысты ,ЖСО Идияеваның 25.08.2020ж қаулысын күшін жойып, Ғ .Қапбароваға қойылған тыйымдарды шешу ұсынылды-делінген.

Бұл ұсыныс 2020жылдың 24-қарашада берілген болатын.

Алайда , жылжитын және жылжымайтан жоқ мүліктеріне тыйым салынғаны бойынша борышкер Серік Қалдарбек ұлы Үсенов мырзаның «мұрты да қисаймаса»,ал «Халық банкі «мен «Қаспий банкініндегі жабылған есепшоттары

Идияеваның 26.04.2020жылғы атқару өндірісін аятқау туралы қаулысы негізінде ,оның есепшоттары ашылуы әбден мүмкін ,талапкер Ғ .Қапбарованың келісімінсіз.

Ондай болмаған жағдайда , С.Үсенов мырза талапкер Ғ .Қапбароваға қатысты 200 000 тенге қарыз ақшасын қайтаруға әрекет жасаған болар еді ...

Бірақ ,әзірше борышкер С .Үсенов тарапынан ешқандай әрекет жоқ екенін айтқымыз келеді.

Не сот орындаушыдан, не болмаса палата басшыларынан әділдік таппаған , әбден әуре - сарсаңнан шаршаған Ғ .Капбарова өзінің заңсыз тыйым салынған банктердегі есеп шотын ашу үшін, жақында амал жоқтан 27 780 тенге сот орындаушының қызметіне ақша төлеп ,банктегі есеп шоттарын аштырып алған .

Жеке сот орындаушы У.Идияеваның не әділет департаментінің ұсыныс-талабын ,не болмаса сот орындаушысының қызмет ін жүзеге асыратын заң талаптарын орындамай , қызмет бабын асыра пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық көдексінің талаптары аясында қылмыстық жауапқа тартылуына негіз жетерлік сияқты .

Ал, жауапкер С .Үсеновтен қарыз алған 200 000 тенгесін сот арқылы өндіремін деп жүргенде Ғ.Қапбарованың басының осындай бәлеге қалып ,соттарға деген өкпесінің «қара қазандай болғаны» соттардың «шығарып салма «шешімдері жайлы алдағы уақытта айтатын боламыз.

Ендігі жерде, Шымкент қаласының Әділет департаменті жеке сот орындаушысы У.Идияеваның осындай шектен тыс заңсыз әрекетіне оның дербес ісін қарап, кәсіби біліктіліне .баға беріп ,шара көру мәселесін қолға алар деп сенеміз.

Еркін КЕРІМБАЙҰЛЫ

САПАРБАЕВТЫҢ АУЫС-ТҮЙІС ЖАСАУДАН ҚОЛЫ БОСАР ЕМЕС

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев соңғы күндері апыл-ғұпыл шешім шығарып, апыр-топыр ауыс-түйіс жасаудан қолы босар емес. Мәселен, сәуірдің 13-інде 90-жылы туған қос жігітке тізгін беріп, Дәулет Кәрібекті әлеуметтік сала бойынша өзіне орынбасар етіп тағайындаса, Архат Байқазақовты облыстық цифрландыру басқармасына басшылыққа әкелді. Араға апта салып туризмге Жалғас Мұртазаны тағайындаса, құрылысқа Ерлан Орымбаевты қойды. Ауыс-түйістің азартына беріліп кетті ме, әйтеуір, күні кеше бір күнде тағы төрт бірдей тағайындауға қол қойды.

Алдымен аппарат басшысы Қанатбек Мәдібекті Талас ауданына жіберсе, аталған ауданды басқарып келген Бақыт Қазанбасов Байзақ ауданына ауысты. Байзақтағы Нұржан Нұржігітов облыс әкімінің ауыл шаруашылығы саласы бойынша орынбасары болды. Ал аппаратқа президенттік жастар кадр резервінің құрамынан Расул Медетов келді.

Соңғы ауыс-түйісте атынан ауып қалған Берік Нығмашев болды. Жамбылға Мырзахметов әкім болып тұрғанда, ауыл шаруашылығы басқармасына басшы етіп әкелген оны Сапарбаев келе сала, асыраушы сала бойынша өзіне орынбасар етіп қойған болатын. Бірақ Нығмашев «көтере алмайтын шоқпарды беліне байлап» алды ма, әлде басқа себебі болды ма, кім білсін, әйтеуір, сыннан көз ашпады. Біз газетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде «Өз еркіңмен қызметтен кет деп жатыр» атты мақала жариялап, Шу ауданынан Қосқұдық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің инженері Мақсат Қанымбетовтің жанайқайын жеткізген едік. Мақала соңында «ҚР премьер-министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловтан өңірде азық-түлік бағасының қымбаттап кеткеніне байланысты атыраулық әріптесімен бірге қатаң сөгіс алып, шақшадай басы шарадай болып жүрген Нығмашев бұл дауды шеше алар ма екен?» деп түйіндеппіз. Айтып ауыз жиғанша, Нығмашевтың өзі орнын босатып беруге мәжбүр болды.

Айтпақшы, Нығмашевқа қатаң сөгіс арқалатқан Әлихан Смайыловтың соңғы күндері әулиеаталықтар құлағын жиі шулатып жатыр. Смайыловты жуырда Байзақ ауданына әкім болған, бұған дейін Жамбыл, Талас аудандарын басқарған Бақыт Қазанбасовтың жақын туыс інісі, яғни «крышасы» деп біледі. Яғни елдер ағаларын жағалап жүрсе, Бәкең інісінің арқасында тынысы кеңіп жүр-мыс. Өткен жылы Қордайдағы қақтығыстан соң, Бақыт Алпысбайұлы «өңірдегі ең іргелі ауданға жібермек болды, өзім бас тарттым» дегенін өз құлағымызбен естіп, не сенерімізді, не сенбесімізді білмей дал болған едік. Елдің айтуынша, Тараздың батыс жағындағы ауданында әкім болған, шығыс жағындағы ауданды басқаруға келген Қазанбасовтың ендігі көздегені облыс орталығының өзі болса керек. Әрине, ол үшін оған дейін інісінің де даусы жуандап, «аузы дуалы» бола түсуі керек. Оны енді уақытында көре жатармыз.

ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІНІҢ «ТАЗА СУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ (АУЫЗ СУ) ҚЫЗМЕТІНЕ ТАРИФІ МЕН ТАРИФТІК СМЕТАСЫ ЖОСПАРЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ОРЫНДАЛУЫ (ҚОЛДАНЫСҚА 2016 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕН БАСТАП ЕНГІЗІЛДІ)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Жоспар	2020 жылы нақты орындалғаны	Ауытқуы		Ауытқу себептері
					+,-	%	
I	**Тауарларды өндіру және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы-оның ішінде:**	**м. тенге**	**192363,52**	**208127**	**15763,19**	**8,19**	Қызметтерді ұсынуға арналған шығындар есепті жылы көрсетілген қызметтер көлемінің 6,4 пайызға артуынан және нарық бағасының өсуінен жоспарланған тарифтік сметамен салыстырғанда 8,19 пайызға көбейді.
1.	**Материалдық шығындар, барлығы-оның ішінде:**	**м. тенге**	**87245,85**	**101830,61**	**14584,76**	**16,72**	Материалдық шығындар да көрсетілген қызметтер көлемі мен барлық материалдар бағасының артуынан (оның ішінде электр энергия шығыны 25,07 пайызға өсуі салдарынан) жұмсалған қаржы есепті жылы 16,72 пайызға артты.
1.1	Шикізат пен материалдар	м. тенге	30521,46	31892,05	1370,59	4,49	Оның ішінде шикізат пен матералдарға жұмсалған қаржы нарық бағасының 6-8 пайызға дейін қымбаттау салдарынан есепті жылы жұмасалған қаржы жоспарлы көрсеткіштен 4,49 пайызға көтерілді.
1.2	Электр қуаты	м. тенге	51004,39	63789,65	12785,26	25,07	Электр энергиясы шығыны елді мекендердегі су ұңғымаларындағы насостар мен электр жабдықтарының жұмыс уақыты ұзаруына байланысты электр энергиясы шығыны жоспарлы көрсеткіштен 25,07 пайызға көбейді.
1.3	Жанар жағар май	м. тенге	5720,00	6148,91	428,91	7,50	Жанар-жағар майға жұмсалған шығын өндірістік жұмыстардың артуы себепті және су жүйесіндегі авария көлемінің жоспарлы көрсеткіштен көбейгені себепті шығын 7,5 пайызға жоғарылады.
2.	**Өндіріс персоналының еңбек ақы шығындары, барлығы-оның ішінде:**	**м. тенге**	**70265,47**	**71149,77**	**884,30**	**1,26**	
2.1	Еңбекақы	м. тенге	63935,82	65744,03	1808,21	2,83	Мекеменің өндірістік саласындағы жұмысшылардың орташа еңбек ақысын көтеру мақсатында өндірістік персоналдың санын жоспарлы көрсеткіштен 53 бірлікке азайтылып айлық жалақы қоры жоспарланған көрсеткіштен 2,83 пайызға көбейді.
2.2	Еңбек ақыдан аударымдар	м. тенге	6329,65	5405,74	-923,91	-14,60	Еңбек ақыдан аударымдар салық кодексінің базалық ставкаларына сай есептелді және 32 бірлік өндірістік персоналдың азаматтық-құқықтық негізде (ГПХ) жұмыс істеуіне байланысты еңбек ақыдан аударымдар шығыны 14,6 пайызға төмендеді.
3.	**Ағымдағы жөндеу жұмыстары шығындары, барлығы**	**м. тенге**	**14220,87**	**14515,00**	**294,13**	**2,07**	
3,1	Күрделі жөндеу	м. тенге	0	0	0		
3,2	Ағымдағы жөндеу	м. тенге	14220,87	14515,00	294,13	2,07	Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалған шығын нарық бағасының өсуі және жұмыс көлемінің артуы салдарынан жоспарланған көрсеткіштен 2,07 пайызға артты.
4.	**Амортизация**	**м. тенге**	**20631,33**	**20631,33**	**0**	**0**	Амортизация шығыны бекітілген нормаларға сай есептелді.
II	**Кезең шығыстары, барлығы - оның ішінде:**	**м. тенге**	**35131,31**	**34721,48**	**-409,83**	**-1,17**	Кезең шығыстарына жұмсалған қаржы жоспарланған көрсеткіштен 1,17 пайызға аз жұмсалды, оның себебі төменде көрсетілді.
5.	**Әкімшілік персоналының еңбек ақы шығындары, барлығы:**	**м. тенге**	**21270,46**	**20140,24**	**-1130,22**	**-5,31**	
5,1	Әкімшілік персоналының айлық жалақы қоры	м. тенге	19354,37	18306,98	-1047,39	-5,41	Есепті жылы әкімшілік персоналдардың орташа айлық жалақысын өсіру мақсатында штаттық саны 13 бірлікке азайтылып орташа жалақы 6,42 паызға жоғарылатылды және материалдық шығындарға жұмсалған қаржы, атап айтқанда электр энергия шығыны көбейуіне байланысты әкімшілік персоналының айлық жалақы қоры 5,41 пайызға азайтылды.
5,2	Еңбек ақыдан аударымдар	м. тенге	1916,09	1833,26	-82,83	-4,32	Еңбек ақыдан аударымдар салық кодексінің базалық ставкаларына сай есептелді.
6.	**Салық шығындары, оның ішінде:**	**м. тенге**	**5278,42**	**5431,66**	**153,24**	**2,90**	
6,1	Мүлік салығы	м. тенге	4880,53	5169,71	289,18	5,93	Мүлік салығы салық кодексінің салық ставкаларына сай есептелді. Ауытқу себебі Шарапхана елді мекені ауыз жүйесіне1 044 745,6 мың теңгеге қайта құрылыс жұмыстары жүргізіліп, есепті жылы мекеменің теңгеріміне өткізілуіне байланысты мүліс салығы 5,93 пайызға артты.
6,2	Жер салығы	м. тенге	288,11	127,51	-160,60	-55,74	Жер салығы салық кодексінің салық ставкаларына сай есептелді және есепті жылы әр шаршы метрге төленетін салық базасының төмендеуі салдарынан жер салығы 55,74 пайызға азайды.
6,2	Көлік салығы	м. тенге	109,78	134,44	24,66	22,46	Көлік салығы салық кодексінің салық ставкаларына сай есептелді және есепті кезеңде КАМАЗ 5321502-15, УРАЛ 4320-1951-40 автокөліктерінің мекеменің теңгеріміне өткізілуіне байланысты көлік салығы 22,46 пайызға артты.
8.	**Басқа мекемелердің қызмет ақысы шығындары барлығы,**	**м. тенге**	**1001,65**	**983,38**	**-18,27**	**-1,82**	
8,1	Коммуналдық шығындар	м. тенге	308,64	313,53	4,89	1,58	Комуналдық шығындар тарифтік ставкадағы шығын көлемінде жұмсалды. Одан 103,53 мың теңге табиғи газ және 210,0 мың теңге э/энергия шығыны
8,2	Байланыс қызметі	м. тенге	225,37	180,68	-44,69	-19,83	Байланыс қызметі "Казақтелеком" АҚ таривтік ставкасына сай төлем жасалды. Ауытқу себебі қалааралық байланыс санының азайуы салдарынан шығын 19,83 пайызға азайды
8,3	Банк қызметі	м. тенге	467,6	489,17	21,53	4,60	Банк қызметі шығындары банктегі ақша айналымдары мен банк қызметінің ақысына тікелей байланысты және жоспарланған көрсеткіштен 4,6 пайызға артты.
9.	**Жалпы шаруашылық жағдайындағы басқалай шығындар, барлығы**	**м. тенге**	**7580,78**	**8166,20**	**585,42**	**7,72**	
9,1	Табиғи ресурстарды пайдалану төлемақысы (роялыти)	м. тенге	4297,21	5099,67	802,46	18,7	Табиғи ресурстарды пайдалану төлемақысы салық кодексінің салық ставкаларына сай есептелді және тартылған су көлемінің артуынан 18,7 пайызға жоғарылады.
9,2	Кеңселік тауарлар	м. тенге	965,80	894,50	-71,30	-7,38	Кеңселік тауарлар шығыны орындалатын жұмыстың көлеміне сай 7,38 пайызға төмендеді.
9,3	Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі	м. тенге	0	0	0	0	Есепті жылы қаржы қаралмады.
9,4	Іс сапар шығындары	м. тенге	1132,3	714,87	-417,43	-36,87	Іс-сапар шығындары да құжатар мен есептерді электронды байланыс құралдары арқылы жіберу мүмкіншіліктерін қолдану себебі шығын 36,87 пайызға азайды.
9,5	Ғимаратты жалға алу	м. тенге	0	0	0	0	Есепті жылы қаржы қаралмады.
9,6	Шаруашылық заттар шығындары	м. тенге	0	0	0	0	Есепті жылы қаржы қаралмады.
9,7	Арнайы киім алуға	м. тенге	0	0	0	0	Есепті жылы қаржы қаралмады.
9,8	Бактериологиялық зерттеу жүргізу	м. тенге	1185,47	1457,16	271,69	22,92	Қазығұрт аудандық СЭС зертхана мекемесінің ауыз су сапасына зерттеу жүргізу жұмыстарының көлемінің артуынан есепті жылы жоспардан 22,92 пайызға артық қаражат жұмсалды.
III	**Барлық шығындар**	**м. тенге**	**227495**	**242848,19**	**15353,36**	**6,75**	Есепті жылы көрсетілген қызтет көлемінің 6,4 пайызға артуынан жалпы жұмсалған шығын көлемі бекітілген тарифтік сметадағы жоспардан 6,75 пайызға артты.
	Барлық табыс немесе зиян	м. тенге	**0,00**	**-815,08**			Су тарату қызметіндегі есепті жылғы залал 815,08 мың теңге болды.
IV	**Барлық кірістер**	**м. тенге**	**227495**	**242033,11**	**14538,11**	**6,39**	Есепті жылы су тарату қызметіндегі ауыз су үшін кірістер жоспардан 6,39 пайызға артты..
	тұрғындар үшін	м. тенге	205200,2	207419,00	2218,76	1,08	Оның ішінде тұрғындардан ауыз су үшін кіріс 1,08 пайызға артты.
	бюджеттік мекемелер	м. тенге	18970,48	32457,69	13487,21	71,10	Бюджеттік мекемелерден кірістер 71,10 пайызға азайды.
	коммерциялық ұйымдар	м. тенге	3324,3	2156,42	-1167,86	-35,13	Коммерциялық мекемелерден кірістер 35,13 пайызға төмендеді.
V	**Тартылған су көлемі**	**мың м3**	**2005,43**	**2123,01**	**117,58**	**5,86**	Есепті жылы тартылған су көлемі 2123,01 мың м3 құрады және жоспарланған көрсеткіштен 5,86 пайызға артты.
	Нормативтік ысыраптар	**%**	**11,88**	**11,5**	**-0,38**	**-3,2**	Нормативтік ысыраптар көлемі есепті жылы су жүйелерінің ақауларына уақтылы және сапалы жасалған ағымдағы жөндеу жұмыстарының нәтижесінде 3,2 пайызға төмендеді.
		мың м3	**238,30**	**242,85**	**4,55**	**1,91**	
	Көрсетілетін қызмет көлемі	**мың м3**	**1767,13**	**1880,16**	**113,03**	**6,40**	Есепті жылы аудан көлеміндегі тұрғындар мен бюджеттік және коммерциялық ұйымдарға көрсетілген қызметтердің көлемі 113,03 мың текше метрге немесе 6,4 пайызға артты
	Тұрғындар үшін	мың м3	1628,44	1660,31	31,87	1,96	Оның ішінде тұрғындар үшін көрсетілген қызметтер көлемі 31,87 мың текше метрге немесе 1,96 пайызға артты.
	Бюджеттік мекемелер	мың м3	122,26	209,19	86,93	71,10	Бюджеттік мекемелер үшін көрсетілген қызметтер көлемі 86,93 мың текше метрге немесе 71,10 пайызға артты
	Коммерциялық ұйымдар	мың м3	16,43	10,66	-5,77	-35,14	Коммерциялық мекемелер үшін көрсетілген қызметтер көлемі 5,77 мың текше метрге немесе 35,14 пайызға азайды.
VI	**Бекітілген тарифті Уәкілетті органның 25.12.2018 жылғы №03-09/5429 хатымен төмендетуге ұсынылған нұсқа және Уәкілетті органның 02.08.2019 жылғы №91-НҚ бұйрығымен бекітілген өтемдік тариф (ҚҚС-сыз)**	**теңге/м3**	**128,93**	**128,73**	**-0,20**	**-0,15**	Ауыз су тарату қызметінде орташа бір текше метр судың құны (ҚҚС-сыз) 0,2 теңге/м3 немесе 0,15 пайызға төмендеді.
	тұрғындар үшін	теңге/м3	126,01	124,93	-1,08	-0,86	Оның ішінде тұрғындар үшін бір текше метр судың құны (ҚҚС-сыз) 124,93 теңге болды. Ауытқу себебі таратылғын ауыз суға берілетін мемлекеттік субсидияның толық төленбеуі салдырынан тариф есепті кезеңде 0,86 пайызға азайды.
	бюджеттік мекемелер	теңге/м3	155,17	155,17	0,00	0,00	Бюджеттік мекемелер үшін бір текше метр судың құны (ҚҚС-сыз) 155,17 теңге болды.
	коммерциялық ұйымдар	теңге/м3	202,33	202,33	0,00	0,00	Коммерциялық мекемелер үшін бір текше метр судың құны (ҚҚС-сыз) 202,33 теңге болды.
	Анықтамалық:						
	Қызметкерлер орташа саны, барлығы:	адам	143	123	-20,00	-13,99	Қызметкерлердің орташа саны есепті жылы жоспармен салыстырғанда 20 бірлікке немесе 13,99 пайызға төмендеді.
	Өндірістік персоналы	адам	153	100	-53,00	-34,64	Оның ішінде өндірістік персоналдарың орташа саны жоспармен салыстырғанда 53 бірлікке немесе 34,64 пайызға төмендеді.
	Әкімшілік персоналы	адам	29	16	-13,00	-44,83	Әкімшілік персоналдарының орташа саны 13 бірлікке немесе 44,83 пайызға төмендеді.
	Орташа айлық жалақы:	тенге	53507,67	56945	3437,46	6,42	Есепті жылы орташа айлық жалақы 6,42 пайызға көбейді.
	Өндірістік персоналы	тенге	34782,67	54787	20004,02	57,51	Оның ішінде өндірістік персоналдардың орташа айлық жалақысы жоспарланғаннан 57,51 пайызға өсті.
	Әкімшілік персоналы	тенге	83645,00	95349	11703,85	13,99	Әкімшілік персоналдарының орташа айлық жалақысы 13,99 пайызға артты.

Әкімшілік

Қазығұрт ауданының әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Таза су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының су шаруашылығы (ауыз су) қызметіне тарифі мен тарифтік сметасы жоспарының 2020 жылға орындалуы (қолданысқа 2016 жылдың 1 маусымынан бастап енгізілді)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	15.03.2016 ж. қолданыстағы тариф (№96-НҚ)		Ауытқуы		Ауытқу себептері
			жоспар	нақты	+,-	%	
1	2	3	4	5	6	7	8
	Қызмет көлемі, барлығы	мың м3	360,56	363,35	2,79	0,77	Есепті жылы көрсетілген қызмет көлемі 363,35 мың текше метр болып жоспардан 2,79 мың текше метрге немесе 0,77 пайызға артты, себебі тұрғындардың су пайдалану мөлшері көбейді.
	Нормативтік техникалық ысыраптар көлемі	%	6,33	6,33	0	0	2019 жылы су жүйелеріне жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарының нәтижесінде нормативтік ысыраптар көлемі жоспарлы көрсеткіштен асқан жоқ.
		мың м3	21,45	23,00	1,55	7,23	
	Көрсетілетін қызметтің көлемі	**м. тенге**	**339,11**	**340,35**	**1,24**	**0,37**	Есепті жылы халықтың су тұтыну сұраныстары артып көрсетілген қызмет көлемі жоспарлы көрсеткіштен 0,37 пайызға жоғарылады.
I	**Тауарларды өндіру және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы-оның ішінде**	**м. тенге**	**27801,20**	**27844,17**	**42,97**	**0,15**	Қызметтерді ұсынуға жұмсалған шығын нормаларға сай жұмсалып көрсетілген қызметтің көлеміне сай 0,15 пайызға өсті.
1.	**Материалдық шығындар, барлығы**	**м. тенге**	**2499,94**	**2616,00**	**116,06**	**4,64**	Оның ішінде материалдық шығындар жоспардан 4,64 пайызға көбейді.
1	Жөндеуге қажетті материялдар	м. тенге	964,54	1009,00	44,46	4,61	Ағымдағы жөндеу жұмыстарына қажетті материалдардың нарықтық бағасы өсуі салдарынан нақты көрсеткіш жоспардан 4,61 пайызға көбей.
2	Электрэнергия	м. тенге	1089,09	1142,00	53	5	Электр қуатына шығын баға өсуіне байланысты 5 пайызға көбейді
3	Жанар жағар май	м. тенге	446,31	465,00	18,69	4,19	Есепті жылы өндірістік жұмыстардың (авария санының) көбейуінен жанар-жағар майға жұмсалған шығын 4,19 пайызға артты.
4	**Ағымдағы жөндеу жұмыстары**	**м. тенге**	**2282,00**	**2395,00**	**113,00**	**4,95**	Ағымдағы жөндеу жұмыстары санының жоспардан артық жүргізілуіне байланысты нақты шығын 4,95 пайызға артты.
5	**Негізгі қорлардың тозуы**	**м. тенге**	**2938,95**	**2938,95**	**0**	**0**	Негізгі қорлардың тозуы құны нормаларға сай есептелді.
6	**Еңбекақы шығындары барлығы: оның ішінде**	**м. тенге**	**20 040,48**	**19846,00**	**-194,48**	**-0,97**	
6,1	Жалақы	м. тенге	18235,20	18040,00	-195,20	-1,07	Есепті жылы көрсетілген қызмет сапасын арттыру мақсатында өндірістік персоналдың санын қысқартып, айлық жалақылары жоғарылатылды.
6,2	Еңбек ақыдан аударымдар	м. тенге	1805,28	1806,00	0,72	0,04	Еңбек ақыдан аударымдар Салық кодексінің нормаларына сай есептелінді.
7	**Өзге шығындар (табиғи ресурстарды суды пайдаланғаны үшін төлемақы)**	**м. тенге**	**39,81**	**48,22**	**8,41**	**21,13**	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем бекітілген тарифтерге сай есептеліп көрсетілген қызмет пен бюджетке төлем тарифтік стафканың өсуі салдарынан 21,13 пайызға артты.
II	**Кезең шығыстары, барлығы - оның ішінде:**	**м. тенге**	**419,85**	**440,00**	**20,15**	**4,80**	
8	Мүлік салығы	м. тенге	419,85	440,00	20,15	4,80	Мүлік салығы Салық кодексінің базалық ставкаларына сай есептелді.
5	Кеңселік тауарлар	м. тенге	0	0	0	0	
6	Еңбекті қорғау және техникалық құжаттар	м. тенге	0	0	0	0	
III	**Барық шығындар**	**м. тенге**	**28221,03**	**28284,17**	**63,14**	**0,22**	Көрсетілген қызмет көлемінің артуы салдарынан жұмсалған шығындар да 0,22 пайызға өсті.
IV	**Пайда/прибыль/**	**м. тенге**	**0**	**39,83**	**39,83**		Су тарату қызметіндегі есепті жылғы пайда 39,83 мың теңге болды.
V	**Барлық табыстар**	**м. тенге**	**28221,03**	**28324,00**	**102,97**	**0,36**	Көрсетілген қызметтің артуынан кірістер де 0,36 пайызға өсті.
VI	**Тариф/ҚҚС-сыз/**	**тенге/м3**	**83,22**	**83,22**	0	0	Тарифтік стафкада жыл көлемінде өзгерістер болған жоқ.
	Анықтамалық:						
	Қызметкерлердің тізім бойынша орташа саны, барлығы, оның ішінде:	адам	29	25	-4	-13,8	Өндірістік персоналдардың саны есепті кезеңде 4 бірлікке қысқартылды.
	Өндірістік персоналдың	адам	29	25	-4	-13,8	
	Орташа айлық жалақы,барлығы, оның ішінде:	тенге	52400	60133	7733	14,76	Орташа айлық жалақы жоспардан 14,76 пайызға артты.
	Өндірістік персонал	тенге	52400	60133	7733	14,76	

Әкімшілік

ИПОТЕКАНЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЖАБУ. ҚАЛАЙ ІСТЕГЕН ДҰРЫС?

Зейнетақы жинақтарының шектілік деңгейінен асатын бөлігін үй жағдайын жақсартуға рұқсат берілгеннен бастап, көптеген отандастарымыз осыны пайдаланып, ипотеканы жартылай немесе толықтай жауып тастау туралы ойлана бастады. БЖЗҚ мәліметі бойынша 1 триллионнан астам сома шешіліп, олардың түгел дерлігі баспана бағытына жұмсалған, деп жазады, ИпотекаБлог.

Несие құпиялары

Бұл — Сізге банк менеджері айта бермейтін несие құпиялары. Егер мықты қаржыгер досыңыз болса, оның несиелік дағдысын саралап көрсеңіз болады. Ондай жандар пайызы төмен, теңгелей берілген несиені алдын-ала жауып тастауға ешқашан асықпайды. Керісінше, микронесие, онлайн несие, экспресс-кредит сынды проценті үлкен қарыз түріне ешқашан жоламайды. Неге?

Ипотеканы алдын ала жауып тастау қай кезде тиімді?

Жалпы, қаржыгерлер қауымы мұндай шешім қабылдамас бұрын, мәселенің оң және теріс жақтарын таразылауға кеңес береді.

Ипотекалық несиені мерзімінен бұрын жабу — егер сіз ипотека алған кезден бастап көп уақыт өтпесе өте тиімді болады. Осылайша, сіз болашақта банкке сыйақы төлеуден аулақ боласыз. Бұл жағдайда сізге несиені дереу жабуға кеңес береміз, өйткені пайыздар әр күн үшін алынады.

Қай кезде ипотеканы жауып тастауға асықпау керек?

Егер сіздің қарызыңыздың төлем түрі аннуитет болса және ипотека мерзімінің жартысынан астамы өтіп кетсе, демек сіз банк проценттерінің көп бөлігін төлеп үлгердіңіз.

Бұл жағдайда мамандар асықпауға кеңес береді. Себебі дәл қазір бұл несие сіз үшін арзан болып тұр. Оданша сіздің зейнетақы жинағыңызды басқа үй сатып алуға пайдалану мүмкіндігін қарастырған жөн.

Қалай болғанда да, қаржылық сауаттылық өз ақшаңызды үнемді әрі тиімді жұмсауға жол ашады, алаяқтардан сақтайды және сіздің материалдық қауыпсіздігіңізді сақтайды.

«10 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ – ЖЕКЕ ЖИНАҒЫМ»: ЖОЛМАНОВА МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Ірі көлемде пара алды деген күдікке ілінген Медеу ауданының судьясы болған оқиғаға қатысты пікір білдірді, деп хабарлайды «Адырна» тілшісі.

Бейнежазбаны ratel.kz сайты жүктеді.

Светлана Жолманова өзіне тағылған айыптауларды жоққа шығарды.

— Қазіргі уақытта мен әлі қамауға алынбадым. Пара алды деген күдікке де ілінбедім. Қызметтік кабинетімнен табылған 10 мың АҚШ доллары – жеке жинағым»,–деді ол.

Судья мәлімдеме барысында ескі пәтерін сатқанын жеткізді. Осылайша тұрғын үй жағдайын жақсартқысы келген.

«Осындай ақшаны жұмыстағы сейфтен басқа қайда сақтау керек?»,– деп сауал тастады судья.

Сондай-ақ ол бұған дейін әлеуметтік желіде жеке кабинетінен 4,5 мың, үйінен 2 миллион 800 мың және көлігінен 600 мың доллар табылды деген ақпараттың да шындыққа жанаспайтынын жеткізді.

жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» — деген сөзін ұран еткен шардаралық отбасы ендігі кезекте, бұл жердің тарихи-мәдени ескерткіштердің орны ретінде тиісті басқарма тарапынан мемлекет қорғауына алу қажеттігін сұрайды. Суқоймаға жақын маңдағы балбал тасы орналасқан Шекертөбе қойнауында қаншама сыр жатқаны белгісіз…

ШАРДАРАДАН БАЛБАЛ ТАС ТАБЫЛДЫ

Шардара ауданынан балбал тас табылды. «Шекертөбе» деп аталатын Абай-Шардара тасжолының бойындағы егістік алқаптан шыққан көне жәдігер Түркістан облысы үшін тарихтың тағы бір жаңа бетін парақтауға негіз.

Археолог Зейнолла Самашевтың айтуынша бұл құндылық VI-X ғасырларға тиесілі. Ескерткіш өз заманының атақты қолбасшысына арнап жасалуы бек мүмкін. Өйткені балбал тас бетінде әскери бас киім анық бейнеленіпті. Көне жәдігерді тапқан жер иесі Төребековтер әулеті қазіргі таңда тасты орнына қайта қойып, арнайы қоршау жасатты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның қасиетті

Дегенмен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілсе, тағы да мәдени мұраның қайнар көзі табылмасына кім кепіл?! Шардарада сафари туризмін дамыту қолға алынса, мұнда келушілердің назарын осындай тарихи орындардың маңыздылығымен қызығушылығын одан әрі арттыруға мүмкіндік зор. Әдетте, көне түркі дәуіріне жататын балбал тастар қайтыс болған адамның қадір-қасиетінің, беделінің жоғарылығына қарай қойылған.

Айта кетейік, Түркістан топырағында балбал тас Созақ ауданының Келіншектау етегінде кездеседі.

aigak.kz

«ҚАЗАҒЫМНЫҢ ЖЕРІН САҒЫНДЫМ»: ГЕРМАНИЯҒА КӨШКЕН НЕМІС ОТБАСЫ ЕЛГЕ ҚАЙТЫП ОРАЛДЫ

Отбасы бүгінде жол бойынан асхана ашып, мал өсіріп, онға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр

Осыдан біраз жыл бұрын Қарағандыдан Германияға қоныс аударған Владимир Тауберт елге қайтып оралды, деп хабарлады «Хабар 24».

Владимир Германияда өткен 4 жылында өз елін, яғни қазақ даласын сағынғанын айтады.

«Германияда біз бір үйге қамалдық та қалдық. Еркіндік жоқ. «Өз үйім – өлең төсегім» дегенді сол кезде ұктым. Қазағымның жерінде өзімді еркін әрі рахат сезінемін. 4 жылға жуық уақыт тұрдық та, әйеліме «елге қайтайық» дедім. Оның да күткені сол екен, қуана келісті. Германиядағы туыстарымыз аңтаң боп қалды, біз нағыз көшпенділер сияқты, жиналдық та көшіп кеттік», - дейді Ошағанды ауылының тұрғыны Владимир Тауберт.

Владимирден кейін жалғыз ұлы да елге қайта оралады. Бүгінде жол бойынан асхана ашып, мал өсіріп, онға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. «Қазақстандағы бірлік пен береке әлемнің басқа еш бір елінде жоқ», - дейді олар.

«Қайтып айтарымды да білмеймін. Ішімде бір сағыныш тұрып алды. Германияның маған климаты да, ауасы да жақты. Бірақ үйге қайтқым келді де тұрды. Барлық туыстарым сол жақта аң-таң болып қалды. Германияға тек қонаққа баруға болады, бірақ өмір сүру үшін Қазақстан жақсы», - дейді Владимирдің жары Эльвира Тауберт.

Ошағанды ауылының іргесі 1908 жылы неміс босқындары келе бастаған кезде құрылған. Қазір мұнда 500-ге жуық түтін бар. Жақында көшелерге жарық шамдар тартылып, су құбыры салынған. Владимир болса, ауылда қаңырап қалған тағы бірқатар нысанды жөндеп, қонақ үй ашпақ. Осылайша ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуды қалап отыр.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ

Дауылпаз – қазақтың ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету үшін қолданған. Бертін келе дауылпазды аңшылық пен құсбегілікке де пайдаланатын болған. Оның жасалу әдісі күрделі. Дауылпаздың шапаты -- өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан ойып жасалған.

Беті әбден иленіп, кеңкей шыңылтыр терімен қапталады. Жайға байлап немесе мойынға, иыққа іліп алып жүруге арналған аспалы бауы мен ұрып ойнайтын шағын таяқшасы болады. Дауылпаздың шанағының сыртын мүйізбен, түрлі тастармен, ою-өрнекпен безендіріп, сәндел жасайды.

Дауылпаз тек қазақ халқында ғана кездеспейді. Түбі бір түркі жұртында, соның ішінде өзбек пен қырғыз ағайындарымызда тұрқы дауылпазға келетін музыкалық мұралары бар. Атаулары да қазақтың дауылпазына ұқсайды. Өзбектерде «тәбльбасс» делінсе, қырғыздарда «доолбас» деп аталады.

Домбыра — XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды. Әртүрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр еңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра -- ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

Құс тұғыр. Қарағай, терек, самырсын сияқты ағаштардың үш ашалы бұтағынан немесе тамырлы түбірінен шауып жасалған тұғыр табиғи әрі берік. Тұғырдың бүркіттің күтіміне арналған отыратын құрылғы. Биіктігі құс отырғанда шалғысы жерге тимейтіндей мөлшерде, шамамен 1,5-2 қарыс (30-40 см), сирақтары жан-жаққа талтайыңқы келген жуандығы бір білем 3-4 сирағы бар ағаштан жасалған «орындық». Ұсақ құстардікі әрине бұдан көп аласа, құс отырғанда шалғылығы жерге тимейтіндей ғана болады. Үстінде құс отыратын 25х10 см үстіңгі текше табаны, немесе бір білемдей құсқонары болады. Текше табанды тұғырдың бүркіттің тұяғы білемдей ұстап, таймай отыратын кемері бар. Құс отыратын «құс басар» аталатын бөлігінің киізбен қапталуы құс тұяғын мүжілуден сақтайды. кәдімгі бала орындығы тәрізді етіп арнайы қашап, сүргілеп дайындалғандары және таутекенің мүйізінен үш аяқты етіп, жиналып-құралатын түрлері бар. Ауқат дәрежесіне сай құсбегілер тұғырды «алтынмен аптап, күміспен күптеп» сирағына құйма көз орнатып, сәндетіп дайындатады. Тіптен қасқыр, түлкі бейнесінде жасалған тұғырлар бүркітті алғыр етеді деп сенген.

Ішік -- Тон сәнді әрі жылы киім. Мұның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терілерінен тігеді. Сәндік үшін жағасынан бастап өңірі, етегіне дейін теріден жұрындайды. Ішік ұзын әрі мол пішіліп тігіледі, жағасы тік болады. Ішіне салынған терісіне қарай ол күзен ішік, қасқыр ішік, бұлғын ішік, түлкі ішік, қарсақ ішік, зорман ішік, пұшпақ ішік, суыр ішік, сеңсең ішік, жанат ішік деп аталады. Бота терісінен жүні ішіне қаратылып тігілетін ішік сирек кездеседі. Басқа ішікке қарағанда ол жылы болады.

Ішікті еркектер де, әйелдер де киген. Әйелдерге, жастарға арналған ішіктер әшекейленіп, түрлі ою, кестелер салынып тігіледі.

Қазақтың әдет-ғұрпында ішіктің алатын өзіндік орны бар. Мысалы, қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды, себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. Сл сияқты екі адам боранды күнде адасып, қасқыр ішікті адамның жанындағы кісі үсіп өлсе, онда өлген кісінің туыстары қасқыр ішікті кісіден құн даулауға хақысы бар, өйткені бір қасқыр ішік екі адамды суыққа бермейді.

Гүлжан БЕРКІНБАЕВА,
Хакім Абай музейінің аға ғылыми қызметкері.

Меншік иесі- «Д.АЙДАНА» ЖШС

Бас редактор
НҰРСҰЛТАН ШӘРІПОВ

Бас редактордың орынбасары
МОМБЕК ӘБДІӘКІМҰЛЫ

Жауапты хатшы
АЙНҰР ОРАЗОВА

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 30.12.1999 жылы тіркеліп, тіркеу куәлігі №1005-Г куәлігі берілген.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы үшін редакция жауап бермейді. «Ар-ДАҚ»-та жарияланған мақала көшіріліп басыласа,сілтеме жасалуы міндетті. Кейбір суреттер және материалдар ғаламтордан алынды

«Ар-ДАҚ» газетінің компютерлік орталығында теріліп, Жеке кәсіпкер «ЖК Махмудов.К» баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі,6

Беттеуші-дизайнер
НҰРЗИПА БӘЙТЕНОВА

Редакцияның мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абдіразақов көшесі, 3үй

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ
65475

Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы

ardak.gazeta@mail.ru

Таралым: 3000
Тапсырыс: